

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ  
ШЖҚ «ПАВЛОДАР МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМК**

**Бекітемін**

Директордың ӨЖ  
бойынша орынбасары  
\_\_\_\_\_ К. Касенова

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж \_\_\_\_\_ "

**ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Кәсіптік практиканың атауы: Акушерия және гинекологиядағы  
медбикелік іс бойынша диплом алу алдындағы практика**

**Мамандығы: 0302000 Медбикелік іс**

**Біліктілігі: 0302033 «Жалпы практикадағы медбике»**

**Семестр: ҮІІІ**  
**Сағат саны 72**

ҚР-ң 2013 жылғы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес  
өңделіп жасалынды

Құрастырған: Сырғабекова Ж.

Клиникалық  
пәндерінің ЦӘК- нің мәжілісінде  
талқыланды және мақұлданды.  
Хаттама №\_\_ 20\_\_ ж/г.  
ЦӘК төрайымы \_\_\_\_\_

**Павлодар**

## 1. ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

Осы оқу бағдарламасы 0302000 «Медбикелік іс» мамандығы 0302033 «Жалпы тәжірибелі мейірбике» квалификациясы бойынша ҚР-ның 2013 жылғы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес өңделіп жасалынды.

Жұмыс кезінде мейірбике бірінші кезеңдерде тек қана мед.қызметкерлердің жұмысын бақылауы, соңынан белгілі мейірбикелік манипуляцияларды өз бетімен жасауға болады. Практика өту кезінде мейірбике теориялық және практикалық білімдерін кеңейтеді, медициналық деонтология мен этика бойынша білімдерін нығайтады, дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге үйренеді.

### Диплом алу алдындағы практиканың мақсаттары:

- дәрігерге дейінгі көмегін, ауруханаға жатұызу алдындағы көмекті, стационарларда науқастарға нәтижелі көмегін көрсету.
- студенттердің білімін тереңдету
- барлық медициналық манипуляцияларды орындауды, шұғыл көмек көрсетуді шындау
- мейірбике процесі технологиясын жүзеге асыру
- болашақ өзінің мамандығына байланысты жұмысқа дайындығын бағалау
- қорытынды мемлекеттік аттестацияға дайындығын анықтау

### Диплом алу алдындағы практиканың міндеттері:

- шұғыл және өмірге қауіпті жағдайларда диагностикалық әдістерге үйрену
- мейірбикелік диагноз қоюда логикалық ойлану қабілетін, білім алу қажеттілігін дамыту
- ең жиі кездесетін патологиялық шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге үйрену
- этика және деонтология негіздерін нығайту
- инъекциялар жасаған кездегі практикалық дағдыларды нығайту

### Бағдарламаны игеру нәтижелері . .

Коды	Оқыту нәтижелерінің атауы
	<b>Негізгі күзiреттiлiктер:</b>
БҚ-1	- жұмыс орнын ұйымдастыру;
БҚ-2	- қауіпсіздіктер техниканы сақтау;
БҚ-3	- медициналық қызметкер мен пациенттің арасындағы қарым қатынасын құру туралы білімнің негізгі модельдерін білу;
БҚ- 4	- науқастарды күту негіздерін білу;
БҚ-5	- аурулардың алдын алуға, денсаулықты нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған гигиеналық іс-шараларды білу;
БҚ-6	- медициналық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелеріндегі меди-цина қызметкерлері мен науқастардың инфекциялық қауіпсіздігін және инфекциялық бақылау жүйесін білу.
БҚ-7	- бірінші медициналық көмектің алгоритмдерін, медициналық манипуляцияларды және күтім әдістерін білу

1.	
2.	<b>Кәсіптік:</b>
<b>КҚ 1</b>	- жаңа экономикалық жағдайдағы медициналық ұйымдар жұмысының ұйымдастырылуын білу;
<b>КҚ 2</b>	- қазіргі кезеңдегі ақпараттық технологиялар негізін (компьютерді, автоматтандырылған оқыту және басқару жүйелерін т.б.) білу.
<b>КҚ 3</b>	- клиникалық белгілерді анықтауды, мейірбикелік диагноз қоюды, әр жастағы науқастар тобына дәлелді көмек көрсете білу;
<b>КҚ 4</b>	- ересек тұрғындар мен балаларға білікті медициналық көмек көрсету.
<b>КҚ 5</b>	- шұғыл медициналық көмек көрсету;
<b>КҚ 6</b>	- төтенше жағдайларда тұрғындарды, науқастарды, зардап шеккендерді және апаттық медицина, азаматтық қорғаныстың медициналық қызметі қызметкерлерін қорғау шараларын ұйымдастыру;
<b>КҚ 7</b>	- паллиативті мейірбикелік негіздерін, танатология негіздерін білу
<b>КҚ 8</b>	- салауатты өмір салтын насихаттауды, өмірді физикалық жетілдіру дағдыларын білу, денсаулық деңгейін бағалауды білу, денсаулықты жақсарту бағдарламасын жасауды, зиянды әдеттермен күресу және алдын алу шараларын ұйымдастыра білу;
<b>КҚ 9</b>	- медициналық көмек көрсету сапасының халықаралық стандарттары саласынан құзыретті болу.
	<b>Арнайы:</b>
<b>АҚ 1</b>	- маманның негізгі мақсаттарын, қызметтерін, кәсіби қызметінің жағдайлары мен тәртібін айқындайтын нормативтік құжаттарды білу;
<b>АҚ 2</b>	- халақаралық денсаулық сақтау Ұйымының Бала жастағы науқастарды интеграциялы түрде бақылау бағдарламасын іске асыра білу, балалардың профилактикалық екпе картатасын құруды және емшектегі баланың тамақтануы мен күтімі бойынша кеңес беруді білу.
<b>АҚ 3</b>	- ұйымдағы нәтижелі коммуникация әдістерін, дауларды, күйзелістерді, инновацияцияларды реттеуге қажет психология мәселелерін білу;
<b>АҚ 4</b>	- науқасты лабораториялық, функционалдық, аспапты зерттеу әдістеріне дайындай білу;
<b>АҚ 5</b>	- әр жүйелердің қызметі бұзылған жағдайда мейірбикелік үрдісті ұйымдастыру және іске асыру;
<b>АҚ 6</b>	- емдеу мекемесінде дәрігер белгілеген алдын-алу, емдеу және диагностикалық шараларды орындау, құрал-жабдықтарды дайындау және күрделі манипуляцияларды жасауда дәрігерге көмек көрсету;
<b>АҚ 7</b>	- ана мен бала денсаулығын сақтауды, жүкті әйел мен нәрестені зерттеу әдістерінің білу, жүкті әйелдер мен гинекологиялық ауруларды зерттеу әдістерін білу, отбасын жоспарлау қағидалары мен мақсаттарын, өмектің негіздерін, танатология негіздерін,

	контрацепция (жүктіліктен сақтану) әдістерін білу;
<b>АҚ 8</b>	- өзінің кәсіби құзыретіне сәйкес реанимациялық, реабилитациялық, емдеу- сауықтыру, санитарлық- гигиеналық, санитарлық- ағартушылық іс-шараларды іске асыру.

**Акушерия және гинекологиядағы медбикелік іс пәні бойынша диплом алу алдындағы практиканы өткізудің тақырыптық жоспары.**

<b>р/н</b>	<b>Тәжірибе тақырыптарының аталуы</b>	<b>Күндер саны</b>	<b>Сағат саны</b>
<b>Бөлім 1. Әйелдер кеңес орнындағы медбике ісінің жұмысын ұйымдастыру</b>			
1	Тақырып 1. Жүкті, босанушы әйелдерге және гинекологиялық ауруларға қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру.	1	6
2	Тақырып 2. Жүктіліктің ерте және кеш мезгілін диагностикалау.	1	6
3	Тақырып 3. Жүкті және босанған әйелдерге диспансерлі бақылау жүргізу.	1	6
4	Тақырып 4. Гинекологиялық науқастарға диспансерлі бақылау жүргізу.	1	6
5	Тақырып 5. Қарау бөлмесіндегі жұмысты ұйымдастыру.	1	6
6	Тақырып 6. Жанұяны жоспарлау.	1	6
	<b>Бөлімнің нәтижесі:</b>	<b>6</b>	<b>36</b>
<b>Бөлім 2. Акушерлік және гинекологиялық стационардағы медбике ісінің жұмысын ұйымдастыру</b>			
1	Тақырып 1. Босанушы әйелге босану кезінде медбикелік көмекті ұйымдастыру. Нәрестені алғашқы өңдеу.	1	6
2	Тақырып 2. Босанған әйелдерге, босанудан кейінгі аурулары бар және операциядан кейінгі әйелдерге медбикелік көмекті ұйымдастыру	1	6
3	Тақырып 3. Гинекологиялық көмекті ұйымдастыру. Гинекологиялық науқастарды тексеру әдістері.	1	6
4	Тақырып 4. Гинекологиялық науқастарға медбикелік көмекті ұйымдастыру.	1	6
5	Тақырып 5. Гинекологиялық науқастарды операцияға дайындау және операциядан кейінгі медбикелік көмекті ұйымдастыру.	1	6
6	Тақырып 6. Гинекологиядағы жедел іштеспе кезіндегі медбикелік көмекті ұйымдастыру. Жыныс мүшесінің жаракаты. Жедел көмек көрсетуге қатысу.	1	6
	<b>Бөлімнің нәтижесі:</b>	<b>6</b>	<b>36</b>
	<b>Барлығы:</b>	<b>12</b>	<b>72</b>

## **Акушерия және гинекология бойынша бағдарламаның мазмұны.**

### **Бөлім 1. Әйелдер кеңес орнындағы медбике ісінің жұмысын ұйымдастыру**

**1 тақырып. Жүкті, босанушы әйелдерге және гинекологиялық ауруларға қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру.** ФП, ФАП, СВА, Суб, РБ, ЦРБ, қалалық және облыстық юосану үйлеріндегі медбикелік жұмысты ұйымдастыру. Медбикенің атқаратын міндеттері. Әйелдер кеңес орнындағы санитарлы-ағарту шараларын жүргізу. Документтер толтырып, есеп беруді үйрену. Этика деонтология заңдылықтарын білу.

**2 тақырып. Жүктіліктің ерте және кеш мезгілін диагностикалау.** Жүктіліктің ерте диагностикасын жүргізу. Күдікті және мүмкін болу белгілерін білу. Қосымша тексеру әдістерін жүргізу( жүктілікке тест жасау). Жүктіліктің кеш мезгілін диагностикалау. Ұрықтың орналасуын, жүрек соғысын, жатыр биіктігімен іш айналымын және жүктіліктің мезгілін анықтауды жүргізу. Декретті демалысты , босану күнін анықтау, босануға психопрофилактикалық дайындық жүргізу, жүктілерге тиімді жаттығулар жасатуды үйрету. Тазалық ережелерімен таныстыру. Салмағын қадағалап өлшеп, кезеңді түрде жағдайын бақылау.

**3 тақырып. Жүкті және босанған әйелдерге диспансерлі бақылау жүргізу.** Қауіп қатер тобын анықтап, жүкті және босанушы әйелдерге диспансерлі бақылау жүргізу. Жыныс мүшелерінің жағдайын бақылап ерте және кеш гестоздың белгілерін дер кезінде анықтау. Сүт безінің күтімі, босанудан кейінгі инфекцияның алдын алу шараларын үйрену. Босанудан бұрын және кейінгі патронажды жұмыстарды ұйымдастыру. Ем-шара жүргізу бқлмесіндегі жұмысты ұйымдастыру, кеңестер жүргізу. Жүктілерге және босанушы әйелдерге күтім жасау, ондағы медбикенің ролі.

**4 тақырып. Гинекологиялық науқастарға диспансерлі бақылау жүргізу.** Гинекологиялық науқастарды тексеру, диспансерлеу және документтер толтыру. Әр түрлі тексерулерге жолдамалар жазу. Қынап тазалығына және цитологияға жағынды алу. Жергілікті емдерді жүзеге асыру мәселен қынапқа тампон салу, қынапты спринцтеу, қынапқа бүрку жүргізу, булау және шариктермен свечилер салу. Ем-шара бөлмесіндегі жұмыс( тері астына, бұлшық етке, көк тамырға инекция жасау). Құрал-жабдықтарды тазалау.

Гинекологиялық науқас әйелдерге күтім жасау, ондағы медбикенің ролі.

**5 тақырып. Қарау бөлмесіндегі жұмысты ұйымдастыру.** Қарау бөлмесіндегі жұмысты ұйымдастыру. Акушерканың бақылауымен дәрігерге дейінгі сұрастыру анамнезін жүргізу.

**Қабылдау бөліміндегі жұмыс, ондағы документтерді толтыру ережелері.** Науқастарды қабылдап оларды алғашқы өңдеуден өткізіп, біріншілікті қарау. Анамнез жинап гинекологиялық тексерулер жүргізу. Жалпы қарау яғни жыныс мүшелерін қарау, айнамен тексеру, қынаптық тексеру жүргізу. Жыныс мүшелерінің қабыну аурулары және қатерсіз, қатерлі ісікті аурулардың алдын алу шараларын іске асыру. Сүт безін пальпациялау.

**6 тақырып. Жанұяны жоспарлау.** Әйелдердің репродуктивті жүйесінің анатомия-физиологиялық ерекшеліктері. Жанұяны жоспарлаудың мақсатымен міндеті. Қазіргі замандағы контрацепциялық әдістер: барерді, химиялық, биологиялық, физиологиялық, жатыр ішілік контрацепция, гормональды, хирургиялық және лактациялық аменорея. Түсіктің алдын-алу. Салауатты өмір салтын ұстануды үйрету.

## **Бөлім 2. Акушерлік және гинекологиялық стационардағы медбике ісінің**

## жұмысын ұйымдастыру

### **1. тақырып. Босанушы әйелге босану кезінде медбикелік көмекті ұйымдастыру. Нәрестені алғашқы өңдеу.**

Босану блогындағы жұмыс. Босану блогындағы санитарлы ағарту шараларын білу. Киімдермен, құрал жабдықтарды тазартуға дайындау. Барлық заңдылықтармен танысып, оны жүзеге асыру. Ондағы нормативті документацияларды толтыру және іске асыру. Босанудың үш кезеңінде босанушыны бақылау, толғақты санау, судың жағдайын, ұрықтың жүрек соғысын қадағалау. Аппар шкаласы бойынша нәрестенің жағдайын бағалау. Кіндіктің алғашқы өңделуін жүргізу. Тыныс жолдарын, ауыз қуысын кілегейлерден тазарту. Нәрестенің бойын, салмағын өлшеп қолдарына браслет кигізу. Нәрсетеге күнделікті тазарту шараларын жүргізу. Шала туылған нәрестелерге күтім жасау оларға оттегі беріп, кувезде күтім жасау. Кеудемен емізудің заңдылықтарын үйрету, сүт безін таза ұстауға кеңес беру. Аралас тамақтандырудың көрсеткіштерін айтып, бутылка, соска және зондпен тамақтандыру заңдылықтарын үйрету қажет.

**2. тақырып. Босанған әйелдерге, босанудан кейінгі аурулары бар және операциядан кейінгі әйелдерге медбикелік көмекті ұйымдастыру** Жаңа босанған әйелдің жалпы күй-жағдайын бағалау. Босанудан кейінгі бөлімнің жұмысымен танысып, документациялар толтыру. Кезекшілікті өткізуге, ертеңгілік конференцияларға, дәрігермен болған обходқа қатысу. Босанушы әйелге күтім жасау, жыныс жолдарынан бөлінген бөліндіні бақылау, сыртқы жыныс мүшесін тазалау жүргізу. Жатыр жиырылуын бақылап отыру, сүт безін бала емізуге дайындау міндетті. Кеудемен емізу туралы кеңестер беріп отыру керек. Лихорадкалы әйелдерді жекелеп, оларға күтім жасау. Дене температурасын, артериалды қысымын және пульсін бақылау. Босанудан кейін жаттығулар жасату, кеңестер беру.

**3. тақырып. Гинекологиялық көмекті ұйымдастыру.** Гинекологиялық науқастарды тексеру әдістері . Қалалық және ауылдық жерлердегі гинекологиялық көмекті ұйымдастыру. Санитарлы ағарту жұмыстарын жүзеге асыру. Қабылдау бөліміндегі жұмыс, ондағы документтерді толтыру ережелері. Науқастарды қабылдап оларды алғашқы өңдеуден өткізіп, біріншілікті қарау. Анамнез жинап гинекологиялық тексерулер жүргізу. Жалпы қарау яғни жыныс мүшелерін қарау, айнамен тексеру, қынаптық тексеру жүргізу. Ал қосымша тексерулер жатырды зондтау, биопсияға материал алу, пункция жасау, жатыр ішін қыру, эндоскопиялық және рентгендік тексерулер жүргізу. Документтер толтыру, этика деонтология заңдылықтарын ұстану.

**4. тақырып. Гинекологиялық науқастарға медбикелік көмекті ұйымдастыру.** Консервативті гинекологиялық бөлімдегі жұмыс. Жыныс мүшелерінің қабыну аурулары және қатерсіз, қатерлі ісікті аурулармен етеккір қызметі бұзылған науқастарға күтім жасау. Гинекологиялық көмектің түрлері(амбулаторлы, стационарлы, санатория-курортты). Консервативті емдеу шараларын жүзеге асыру( медикаментозды емдер, физио, сумен, массаж, электрлі, емдік жаттығулар). Жергілікті емдерді жүзеге асыру мәселен қынапқа тампон салу, қынапты спринцтеу, қынапқа бүрку жүргізу, булау және шариктермен свечилер салу. Оларды қағазға тіркеу, қабыну ауруларының алдын алу шараларын жүргізу. Кеңестер жүргізу, контрацепцияның түрлерімен таныстыру.

**5. тақырып. Гинекологиялық науқастарды операцияға дайындау және операциядан кейінгі медбикелік көмекті ұйымдастыру.**

Науқастрады жедел және жоспарлы операцияға дайындау. Көрсеткіштерімен қарсы көрсеткіштерін білу. Қынаптық операцияларға дайындау. Операциядан кейінгі кезеңде науқастарға күтім жасау. Интенсивті палаталардағы науқастарға бақылау жүргізу, олардың жағдайын кезеңді түрде бақылап отыруға міндетті. Дәрігердің тағайындағандарын орындап, документке тіркеп отыру.

**6. тақырып Гинекологиядағы жедел іштеспе кезіндегі медбикелік көмекті**

**ұйымдастыру. Жыныс мүшесінің жарақаты. Жедел көмек көрсетуге қатысу.** Жедел іштеспе және гинекологиялық жарақаттар және қан кету кезіндегі жалпы қарауға көмектесу. Науқастарды тексеру және көмек көрсетуге қатысу. Әйелдерді тексеру яғни арқы күмбезге пункция және жатыр ішін қыруға дайындау. Жатырдан тыс жүктілік кезіндегі операцияға қатысу. Дәрігердің тағайындағандарын орындау.

### **Акушерлік және гинекология бойынша практикалық біліктер мен дағдылар тізбесі:**

- Жоғары қауіп топтарын табу;
- Артериялық қысымын, пульсін өлшеу;
- Жамбастың сыртқы мөлшерлерін өлшеу;
- Акушерлік зерттеудің сыртқы тәсілдерін өткізу;
- Ұрықтың жүрек қағысын тыңдау;
- Қынап тазалығы дәрежесіне жағынды алу;
- Айналар көмегімен тексеру және екі қолмен зерттеу;
- Қарын шеңберін және жатыр түбінің биік тұруын өлшеу;
- Жүктілік мезгілін және босану алдын анықтау;
- Босануға дейінгі және босанудан кейінгі патронаж;
- Жанұяны жоспарлаудың мақсаттары және міндеттері;
- Контрацепция әдістері;
- Салауатты өмір салты бойынша кеңестер өткізу;
- Толғақты санау;
- Босанудың бірінші кезеңінде босанатын әйелді бақылау;
  - Акушерлік зерттеудің сыртқы тәсілдерін өткізу, жатушы бөлімінің тұру деңгейін анықтау;
- Босануды қабылдауға аспаптарды дайындау;
- Босанатын әйелді босануға дайындау;
- Босануды қабылдауға акушерді дайындау;
- Медикаментозды жансыздандыру әдістері;
- Психопрофилактикалық жансыздандыру әдістері;
- Күрсақ ішіндегі ұрық гипоксиясының алдын-алу;
- Босану уақытында қан кетулердің алдын-алу;
- Босану уақытындағы акушерлік тәсілдер (шатты қорғау кезеңдері);
- Босану биомеханизмін фантомда үйрену;
- Кіндікті алғашқы өңдеу;
- Кіндікті екіншілікті өңдеу;
- Жаңа туылған нәрестенің бірінші тазалығы;
- Босанудың үшінші кезеңін жүргізу;
- Плацентаның бөліну белгілері;
- Бала жолдасын бөлу әдістері;
- Қуықты катетерлеу;
- Бала жолдасын қарау, қан жоғалтуды есептеу;
- Жатыр мойнын айналармен қарау;
- Жатырды сыртынан уқалау.
  - Соңғы етеккірі, бірінші келуі бойынша, ұрықтың қозғалуы, УДЗ, объективті мәліметтері бойынша босану уақытын анықта
- Рецепттерді жазу;
- Қан алмастырғыштарды құюға жүйелерді дайындау;
- Бұлшық етке, тері астына, вена ішіне егулерді орындау;



- Кеш гестоздардың ауыр түрлері кезіндегі шұғыл көмек, жүкті әйелдерді күту;

### **Негізгі және қосымша әдебиеттер:**

2. Бодяжина В.И., Жмакин К.Н., Кирюшенков А.Н. «Акушерство». Москва. Ростов на Дону. 1998.
3. Айламазян Э.К. Акушерство /учебник/, Санкт-Петербург, 1997.
4. Василевский Л.Н., Грищенко Е.И., Кобзева И.Б. «Гинекология» /учебник/, М.,1988 г.
5. Кулаков В.И. «Акушерско-гинекологическая помощь». Москва. 2000.
6. Дуда И.В., Дуда В.И, «Клиническое акушерство». Минск. 1997.
7. Кулаков В.И., Прилепская В.Н. Практическая гинекология. Москва. 2001
8. Серов В.Н., Стрижанов А.Н., Маркин С.А. Практическое акушерство. Москва. 1989.
9. Старостина П.А., Размахнина Н.И., Торганова И.Т. «Планирование семьи». Москва. 1996.
10. Шехтман М.М. «Руководство по экстрагенитальной патологии у беременных», 1999,
11. «Экстрагенитальные заболевания и беременность». Под редакцией Дощановой А.М., 2001
12. Руководство по охране Репродуктивного здоровья в Казахстане. Под редакцией Каюповой Н.А. Алматы. 1998.
13. Репина М.А. «Акушерские кровотечения». Л.,1985.
14. Мамедалиева Н.М. Невынашивание инфекционного генеза. Алматы, 2000.
15. Чернуха Е.А. «Родовой блок». М.,1999.
16. Избранные клинические лекции по акушерству и гинекологии. Алматы, под редакцией Каюповой Н.А, 1990.
17. Сметник В.П., Тумилович Л.Г. «Неоперативная гинекология». Санкт-Петербург. 1995.
18. «Клиническая фармакология для акушеров-гинекологов». Практ, рук. Борян Р.Г. М.,1997.
19. Приказ № 420 «Оборганизации работы родовспомогательных учреждений и совершенствовании мероприятий по профилактике внутрибольничных инфекций в акушерских стационарах».
20. Клинические протоколы по охране репродуктивного здоровья для средних медицинских работников П.М.С.П Р.Н.И.Ц. охрана здоровья матери и ребенка. Алматы. 2001